

Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қазандағы № 267-қ "Мұнайлы ауданының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 3-қ қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және Маңғыстау облысының әділет департаментінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 10-11-126 хатына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қазандағы № 267-қ «Мұнайлы ауданының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын аудандық атқарушы органдардың «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2865 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 19 қарашада жарияланған) күші жойылды
д е п т а н ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Әкімнің міндетін атқарушы

Н. Жолбаев